АННОТАЦИЯ

«8D02206 – Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Алишер Анаурович Мухаметкалидің «XIII - XV ғасырлардағы итальяндық саяхатшылар Орталық және Шығыс Азиядағы саяси, діни, сауда және экономикалық қатынастар туралы» тақырыбындағы диссертациясына

Зерттеу жұмысының сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс XIII–XV ғасырлардағы итальяндық саяхатшылардың Орталық және Шығыс Азия аймақтарымен өзара әрекеттесуін зерттеуге және олардың итальяндық қала-мемлекеттер мен Моңғол империясы, сондай-ақ оның мұрагер мемлекеттері — Алтын Орда, Ильханат және Юань әулеті арасындағы саяси, діни, сауда-экономикалық және мәдени байланыстардың қалыптасуы мен дамуына тигізген ықпалын талдауға арналған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қала-мемлекеттер, корольдіктер мен папалық иеліктердің көпестері мен банкирлерінің Еуразия аумағында интеграцияланған сауда тізбектерін қалыптастырудағы, сондай-ақ негізгі транзиттік бағыттар бойында орналасқан ортағасырлық «торап-қалалардың» дамуына қосқан үлесінің жеткілікті деңгейде зерттелмеуімен де айқындалады. Аталған кезеңде Италия Шығыс пен Батысты байланыстыратын сауда, қаржы және мәдени қатынастар жүйесінде маңызды орын алды, бұл жағдай көптеген жолсапарлық сипаттамаларда, дипломатиялық хат-хабарларда және сауда трактаттарында көрініс тапты. Итальяндық саяхатшылардың нарративтік дереккөздері моңғол мемлекеттерінің саяси ұйымдасуы, діни ахуалы, басқару жүйесі, сауда тәжірибелері мен Орталық Азия халықтарының күнделікті мәдениеті туралы, соның ішінде қазіргі Қазақстан аумағына қатысты бірегей мәліметтерді қамтиды. Бұл материалдар мәдениетаралық алмасу тетіктерін және Еуропада Шығыс туралы түсініктердің біртіндеп трансформациялану үдерісін қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді. Тақырыптың қазіргі заманғы өзектілігі Еуразиялық коммуникациялар тарихына, көшпелі және отырықшы өркениеттердің өзара ықпалдастығы мәселелеріне, сондай-ақ ерте жаһандану үдерістеріне деген ғылыми қызығушылықтың артуымен де байланысты. Осы тұрғыда 2022 жылы Рим Папасы Франциcктің Қазақстан Республикасына жасаған сапары Еуропа мен Еуразия арасындағы тарихи және мәдени байланыстардың сабақтастығын айқындайтын маңызды оқиға ретінде бағаланады. Сонымен қатар, итальяндық көпестер мен банкирлердің Еуразия кеңістігіндегі интеграцияланған сауда желілерін қалыптастырудағы және негізгі транзиттік маршруттар бойындағы ортағасырлық қалалардың дамуына

ықпалындағы рөлінің жеткілікті зерттелмеуі зерттеу тақырыбының өзектілігін одан әрі арттыра түседі.

Мәселенің зерттелу дәрежесі. Итальяндық саяхатшылардың Азияға жасаған сапарларын зерттеудің дореволюциялық историографиясы негізінен деректанулық және филологиялық тәсілдер аясында қалыптасты. Бұл кезеңде Марко Поло, Плано Карпини, Вильгельм де Рубрук, Одорико да Порденоне және Рикольдо да Монтекроче еңбектерін жариялау мен ғылыми-сыни басылымдар дайындауға басымдық берілді. Генри Юл мен Анри Кордьенің еңбектері, сондай-ақ Hakluyt Society аясында жарық көрген жарияланымдар жолсапарлық дереккөздерді ғылыми жариялаудың халықаралық стандарттарын қалыптастыруда шешуші рөл атқарды.

Ресейдің дореволюциялық ғылымында В. В. Бартольд, В. Г. Тизенгаузен, П. М. Мелиоранский және Г. В. Вернадскийдің еңбектері елеулі үлес қосты. Аталған ғалымдар еуропалық деректерді моңғол державасының және мұсылман Шығысының тарихы контексінде қарастырды. В. В. Бартольдтың «Моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі Түркістан» атты еңбегі Орталық Азияны зерттеудің әдіснамалық негізіне айналды.

Кеңестік историография маркстік парадигма аясында дамып, Шығыс пен Батыс арасындағы байланыстардың экономикалық және әлеуметтік-таптық қырларына басым назар аударды. Бұл бағытта В. В. Бартольд, Б. Д. Греков, А. Ю. Якубовский, Л. Н. Гумилёв, С. Г. Кляшторный және Н. В. Пигулевскаяның еңбектері маңызды орын алады. «Алтын Орда және оның құлауы» атты зерттеуде итальяндық көпестер мен миссионерлер трансевразиялық байланыстардың делдалдары ретінде қарастырылды.

Қазіргі қазақстандық историография пәнаралық тәсілмен және ұлттық тарихты жаһандық тарихи үдерістер контексіне енгізуге ұмтылуымен ерекшеленеді. К. Т. Жұмағұлов, Н. Т. Абдимомынов, Б. Қарибаев, Р. Темірғалиев және Қ. Үскенбай еңбектерінде Алтын Орда трансевразиялық коммуникацияларда шешуші рөл атқарған дербес өркениеттік жүйе ретінде қарастырылады.

Деректанулық талдау XIII–XV ғасырларға жататын жазба дереккөздердің кең корпусына сүйенеді: Марко Поло, Плано Карпини, Вильгельм де Рубрук, Одорико да Порденоне, Рикольдо да Монтекроче, Джованни да Монтекорвино, Джованни де Мариньоли еңбектері, сондай-ақ отандық историографияда бұрын қолданылмаған Катерино Зено жазбаларының жекелеген фрагменттері. Ерекше маңызға Ватикан Апостол кітапханасының материалдары, сондай-ақ Валличелли, Барберини, Мальиабекки және Риккарди кітапханаларының қорлары ие. Сонымен қатар, зерттеуде сауда трактаттары, дипломатиялық хат-хабарлар, миссионерлік есептер мен картографиялық материалдар да пайдаланылды.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты XIII–XV ғасырларда итальяндық саяхатшылардың Орталық және Шығыс Азияға жасаған экспедициялары негізінде итальяндық қала-мемлекеттер, корольдіктер мен папалық иеліктер мен, бір жағынан, моңғолдық мемлекеттік құрылымдар арасындағы өзара қарым-қатынастардың қалыптасуы мен эволюциясы үдерістерін талдау болып табылады.

Зерттеу нысаны — XIII–XV ғасырлардағы итальяндық қала-мемлекеттер, корольдіктер мен папалық иеліктердің Еуразияның жаңа кеңістіктерін игеруі мен тануы аясындағы тарихи даму үдерісі.

Зерттеу пәні — итальяндық авторлардың Орталық және Шығыс Азияға жасаған саяхаттары, олардың маршруттары, саяхатшылардың тұлғалары, сондай-ақ саяси, сауда, мәдени және діни байланыстарды бейнелейтін жол жазбалары, хроникалары мен дипломатиялық есептері.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері XIII–XV ғасырларды қамтиды. Аталған уақыт аралығы Орталық және Шығыс Азия мемлекеттеріндегі саяси, құқықтық және әлеуметтік-экономикалық институттардың эволюциясын итальяндық Жерорта теңізі орталықтарымен болған қарқынды сауда, дипломатиялық, мәдени және діни өзара байланыстарды ескере отырып қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл хронологиялық шеңбердің таңдалуы Монғол империясы мен постмонғолдық мемлекеттер кезеңінде итальяндық экспедициялардың еуразиялық кеңістікте белсенді түрде жүзеге асуымен де негізделеді.

Диссертацияның географиялық шеңбері Орталық және Шығыс Азия кеңістігін, сондай-ақ XIII–XV ғасырлардағы итальяндық саяхатшылар тікелей өзара әрекетке түскен іргелес аймақтарды қамтиды. Олардың қатарына Таяу Шығыс, Закавказье, Қаратеңіз маңы, Еуразияның далалық кеңістіктері, Моңғолия және Қытай жатады. Шығыс Азияның Жапония мен Корея сияқты аймақтары зерттеу шеңберінен саналы түрде тыс қалдырылған, себебі XIII–XV ғасырлардағы итальяндық саяхатшылар бұл аумақтарға жетпеген және олар туралы жүйелі әрі сенімді деректер қалдырмаған. Осылайша, диссертацияның географиялық шекаралары қазіргі заманғы аймақтық жіктемелерге емес, ортағасырлық итальян дереккөздерінде нақты тіркелген тарихи байланыстар кеңістігіне негізделіп айқындалды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы диссертацияда Катерино Дзено, Джан Мария Анджонелло, Джакомо Соранцо және Сегурано Сальвайгоның еңбектері мен есептерінің талдануымен айқындалады. Катерино Дзенонның мәтіндері постмоңғолдық Шығыс кезеңіндегі венециялық дипломатия мен саяси мәдениет тарихын зерттеудегі маңызды дереккөз ретінде қарастырылады. Оның шығармалары тек жеке естеліктер ретінде ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік аналитика мен ақпарат жинаудың бір формасы

ретінде интерпретацияланады. Джан Мария Анджонеллоның жазбалары шығыс сарайларында ұзақ уақыт болуына негізделген жеке тәжірибе тұрғысынан талданып, Азиядағы саяси және әскери тәжірибелер туралы анағұрлым күрделі әрі көпқырлы түсініктерді айқындауға мүмкіндік береді. Ал Джакомо Соранцо мен Сегурано Сальвайгоға қатысты материалдар Венецияның саяси институттары аясында Азия жөніндегі білімдердің таралу тетіктерін көрсететін ерте дипломатиялық және бюрократиялық құжаттама үлгілері ретінде қарастырылады. Аталған авторларды ғылыми айналымға тарту зерттеудің деректанулық базасын едәуір кеңейтіп, Еуропада Орталық және Шығыс Азия туралы түсініктердің қалыптасу үдерісін неғұрлым сараланған түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Диссертацияда итальяндық авторлардың жол жазбаларында көрініс тапқан мәдени және діни қырларды талдауға ерекше көңіл бөлінеді. XIII–XV ғасырлардағы саяхатшылардың жазбалары Орталық және Шығыс Азия халықтарының діни тәжірибелері, әлеуметтік нормалары, сарайлық мәдениеті мен күнделікті тұрмысы туралы құнды мәліметтерді қамтиды. Бұл мәтіндер нақты деректерді жеткізіп қана қоймай, латындық Батыс өкілдерінің «өзге» әлемді қабылдау ерекшеліктерін де бейнелейді, сол арқылы еуропалық сананың ішінде Шығыс бейнесінің тұрақты қалыптасу үдерісін қадағалауға мүмкіндік береді. Автор бұған дейін орыс тілінде қолжетімсіз болған дереккөздерді ғана пайдаланумен шектелмей, оларды аудару, ғылыми түсініктеме беру және ғылыми айналымға енгізу жұмыстарын да жүзеге асырған. Бұл отандық ғылымда кеш Орта ғасырлар дәуіріндегі халықаралық байланыстар тарихын зерттеудің деректік негізін кеңейтеді. Итальяндық саяхатшылардың жазбаларында қамтылған материалдар Еуропаның саяси топтары арасында моңғолдарға деген көзқарастың біртіндеп өзгеру үдерісін айқындауға мүмкіндік береді: бастапқыда мұсылман Шығысқа қарсы ықтимал одақтастар ретінде қабылданған моңғол билеушілері уақыт өте келе әрі елеулі әскери қауіп, әрі сауда мен тауар алмасудағы маңызды серіктес ретінде бағалана бастады. Зерттеу аясында негізгі маршруттар (Қырым, Қаратеңіз маңы, Орталық Азия, Иран арқылы өтетін жолдар), экспедициялардың құрылымдық ерекшеліктері мен ұйымдастырылу тетіктері сипатталып, жұмыста қарастырылған әрбір саяхатшының жүріп өткен бағыттары бойынша карталар жасалды. Осылайша, диссертациялық зерттеу Орта ғасырлар дәуіріндегі халықаралық байланыстар, сауда, мәдениет және зияткерлік алмасу тарихын зерттеуге үлес қосып, итальяндық саяхатшылардың еуразиялық тарихи кеңістіктің қалыптасуындағы рөлін кеңейтілген тұрғыда көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері білім беру бағдарламаларында, музей-архив саласында, сондай-ақ Еуразия тарихына қатысты дереккөздерді одан әрі цифрландыру және аудару

жұмыстарында пайдаланылуы мүмкін. Осы диссертациялық зерттеу XIII–XV ғасырлардағы итальяндық саяхатшылардың жазбаларын Орталық және Шығыс Азиядағы саяси, діни, сауда және экономикалық қатынастарды зерттеудің тарихи дереккөзі ретінде кешенді талдауға арналған. Жұмыстың негізгі назарында кеш Орта ғасырлар дәуірінде Батыс Еуропа мен Еуразия кеңістігі арасындағы тұрақты байланыстарды қалыптастырудағы итальяндық көпестердің, дипломаттардың, миссионерлер мен хронисттердің рөлі тұр.